

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. Б.113-115

ЕСІМДЕРІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР: ҰЛТШЫЛ АЗАМАТ МҰБАРАҚ ЕЛІКБАЕВ

Қазезтаева А., 1 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мен бұл тақырыпты таңдаған себебім өйткені бүгінде осы Мұбарак Елікбаев сияқты ұлтшыл азаматтар аса көп емес. Өмірбаяны, тағдыры аз зерттелгеннен кейін, баяндаманы осы кісіге арнауды жөн санадым. Осы тұрғыдан алғанда тарихи тұлғаларды тереңірек танып білу жастар үшін аса маңызды.

М. Елікбаев сияқты қоғам қайраткерлері XVIII – XIX ғасырларда да шыққан. Олардың қатарына Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлы, Г.Потанин, Ы.Алтынсаринді жатқызуға болады. XVIII – XIX ғасырларда ұлт зиялыларының мақсаты – патша үкіметінің бұғауында қалған қазақтардың көзін ашып білімге баулу болса, XX ғасырда олардың мақсат-міндеттері білім мен ғылымды меңгеру арқылы ұлттық мүддені қорғау, ұлттық болмыстарын сақтап қалу болды [1].

Мұбарак Елікбаев мектепте қарапайым мұғалім болған. Қарапайым болғанда да кеңестік заманда яғни 1950 жылы қазақ ұлтының жағдайын ойлап, әуелі мектептерде жиналыстарда тіл мәселесін көтерген. “Қазақ жаманы орыс бола алмайды, орыс жаманы қазақ бола алмайды” дегендей тіл мәселесімен қоса, Хрущевқа дейін хат жазады. Өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көзге түседі. Жалғыз қазағын бір туғаным деп, барынша тырысқан. Біріңшіден, Кеңестік заман түгілі бүгіннің өзінде Мұбарак Елікбаев сияқты адамдар аз. Менің ойымша, қылышынан қан ағып тұрған заманда бұл нағыз ерлік деп ойлаймын. Тұлға тарихын жазу бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Екіншіден, бұл адамның есімі елеусіз қалған, халыққа беймәлім, яғни аз зерттелген. Бұндай қадамға бару сол жылдары екінің бірінің қолынан келмейтін іс еді [2].

Елікбаев Мұбарак 1924 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Большенарим ауданы, Жанаауылында туған. Білімі толық емес жоғары, гуманитарлық. Орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1956 жылы үкіметке қарсы шерулерге байланысты Кеңес әскерлері Венгрияға енгізілді, бұл Кеңес Одағынан тыс жерлерде Кеңес Одағының наразылығын, және өткір сынын тудырды. Сол жылдары әйгілі венгр футболшысы Пушкаш наразылық ретінде өзін дефектор деп

жариялап, Австралияда қалды. Партия жиналысында майданда қатарына өткен коммунист Елікпаев әскерлердің Венгрияға кіруіне қарсы болып, «бұрыс, бұрыс» деді. Кеңестік жоғарғы басшылықты ашық сынау бұрын-соңды болмаған батылдық еді. Бұл батылдықты немен салыстыруға болады? Бүгінгі жастар бұл әрекеттің мән-мағынасын түсінуі үшін бір тарихи мысал келтірейін. 1927 жылы бір қарт большевик, оның фамилиясы Северский (бұл оның партиялық лақап аты болса керек) Сталинге қарсы сөйлеп: «Ағылшын парламентінің қолынан бәрі келеді дейді. Ер адамды әйелге айналдыру мүмкін емес. Біздің Саяси Бюрокез келген еркекті әйелге айналдырып, жыл сайын әйелдердің саны артып келеді дейді. Содан кейін 1937 жылы атылады. Ұстаз Елікпаевтың әрекеті де сол батылдыққа ұқсайды. Қазір басқа заман, демократия аулада, олар шындық үшін қудаланбайды [3].

1957 жылдың мамыр айынан бастап М.Елікбаев орыс тілін сөйлемеуді ұйғарды, мұндай төтенше шешімге оны қоршаған Сталиннен кейінгі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік және мәдени күнделікті өмірі себеп болды. Ол Қазақ КСР-де мемлекеттік тіл қазақ тілі болуы керек деп есептеді, бұл туралы Чердожак орта мектебінің партия жиналысында жариялайды. Өз сөзінде мектепте барлық оқу пәндерінің қазақ тілінде оқытылуын, мұғалімдер кеңесінің мәжілістерінің бір тілде өтуін талап етеді. М. Елікбаев 1956 жылы Венгрияның ішкі істеріне араласқан КСРО-ның сыртқы саясатын сынауға батылы барады. Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптау, оналту және заңсыз сотталғандарды

босату процестері партия басшылығын алаңдатқан келіспеушілік аралдарын тудырды. Кеңес қоғамындағы келіспеушіліктердің кесірінен М.Елікпаев ешқайжері ауырмаса да дені сау болса да, М.Елікбаевты арнайы психиатриялық ауруханаларда «қуғын-сүргінмен» жазаланды, ақылсыз деп танылады. Мұндай саяси әрекеттер Мәскеуде, Ленинградта ғана болатындай көрінгенімен, алыстағы қазақ ауылынан шыққан партияны, үкіметті сынауға батылы барған, соның ішінде ұлттық мәселенің шешілуін талап ететін адамдарда болған. М.Елікбаевтың партия жиналысында сөйлеген сөзінен кейін таныстары онымен байланысын үзіп, партиядан да оқудан шығарылады. Ешкімге өз ойын жеткізе алмаған М. Елікбаев хат жаза бастайды. М.Елікбаев алдағы Қазақстан Компартиясының съезінде сөзсөйлеуді өтініп, 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Д.Қонаевқа жүгінді. Бірақ көп ұзамай Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеген КОКП 20 съезі болды. Дәрігерлер М. Елікбаевты психикалық ауытқушылық деп танудан бас тартып, керісінше, оның интеллектінің жоғары деңгейіне баса назар аударды [4].

Оның ұсыныстарының мәні Қазақстанның барлық мектептері мен жоғары оқу орындарында сабақтар тек қазақ тілінде жүргізілуіне, барлық

іс жүргізу қазақ тілінде жүргізілуіне байланысты болды. М. Елікбаев өзі ұсынған ұсыныстарды Қазақ КСР-де жүзеге асыру мүмкін емес деп болжады, сондықтан оларды іске асыру үшін ол Қазақстанды КСРО-дан бөліп, кейіннен Татарстанмен, Башқұртстанмен біріктіруді талап етті. Осындай революциялық реформаларды жүргізу үшін ол Қазақстан басшылығына Үндістан, Пәкістан, Қытай Үкіметтерінің қолдауы мен кеңесін алуды ұсынды. Министрлер Кеңесінің төрағасына арнаған сөзінде М. Елікбаев съезде осындай мәселелерді қою үшін ықтимал қудалаудан қорықпауды сұрады. М. Елікбаевтың барлық ақылға қонымды үндеулері антисоветчина деп танылды, ату немесе айыптау – бұл оның дұрыс екенін мойындады. "Жазалаушы психиатрия "психикалық бұзылыстың нәтижесі ретінде" Кеңеске қарсы мәлімдемелерді" тануға және келіспеушілікті тоқтатуға көмектесті. Қазақтың мәдениет қайраткерлері, көрнекті жазушылары, ғалымдары, әсіресе қазақ тарихын зерттейтін ғалымдары өз ой-пікірін емін-еркін айта алмады. Құғындалып өлгендері де аз болмады. Қазақ мектептерінде көптеген пәндер орыс тілінде жүреді. Мұны былай қойсақ, қазақ балаларына ана тіліне берілген сағат орыс балаларына ана тіліне берілген сағаттан әлде-қайда аз екенін көреміз. Ал бұл қай саясат? Ұлттық тілінен айырылсын деген саясат па? Мұның өзі қазақ балаларының өз тілін шала білуіне әкеліп соғады, ал сабақтың барлығы тіл арқылы жүретіндігінен жалпы білім алуына кедергі келтіреді. Бұл бір жағы. Екінші жағынан алсақ, қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдердің күн көруі қиындайды, өйткені табысы беретін сағатына байланысты. Кейбіреулері жұмыссыз қалады немесе өз мамандығын қойып басқа жұмысқа айналады. Кітапханаларда қазақ кітаптары жоқтың қасы. Қазақ тілінде энциклопедия, түсіндірмелі сөздіктер әлі шыққан жоқ. Сол сияқты техника құралдары да. М. Елікбаев дәл осындай мәселелерді көтеріп, хат жазған болатын. Біздің халықтың көркем сөзімен айтқанда: "Біреудің ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен кедей бол", - депті ұлтшыл азамат [5].

Қортындыға келетін болсам, мен Мұбарак Еликбаев сияқты ағамызға үлкен құрметімді білдіру үшін осы оқиғаны айттым. Қазіргі заманғы жастардың ұлтшыл, аты елеусіз кеткен тұлғаларды білгенін қалаймын. Өз заманының озық ойлы тұлғаларының бірі, елінің азаттығы жолында күрескен ұлтшыл азамат Мұбарак Елікбаевтың тарихымызда орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайырболат Ж., Нұрбай Гульмира, Ж. Жуман, Средний Жуз в период XVIII- на-чала XIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019 . №4. С.1479-1489.
- 2 Жалоба жены арестованного В.А. Попова прокурору ВКО о

необоснованности предъявленного обвинения. гг. Зыряновск – Усть-Каменогорск, 1938 г.

3 Жалоба осужденного А. Балгабаев аверховному прокурору СССР А.Я. Вышинскому о пересмотре дела. гг. Туринск – Москва, 25 июня 1938 г

4 Письмо заключенного З. Муртазина председателю Восточно-Казахстанского областного суда о применении физического насилия во время следствия. г. Усть-Каменогорск, 19 января 1939 г.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор Қ.Ж. Нұрбай